

# ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: КІРІСПЕ

Сыни теория





**Мақсаты:** сыни теорияның қалыптасуы мен дамуы туралы түсінік қалыптастыру, әдебиеттің саясатпен байланысын ашып беру.

**Кілт сөздер:** сыни теория, әдебиет, саясат, мәдениет, қоғам, тұтынушы, бір өлшемді қоғам, кең таралған мәдениет.

Классикалық поэтика мен романтикалық герменевтикада орын алған дағдарыстың салдарынан XIX ғасырда әдебиетті қоғаммен байланыстыра отырып зерделеу мәселесі алға шықты. Әдебиет пен өнер туындыларын әлеуметтік парадигма аясында талдауды басты орынға қоятын аталмыш теорияға сәйкес, кез келген әдеби шығарма әлеуметтік, мәдени, экономикалық және тарихи факторлардың өзара үйлесім тапқан құбылысы ретінде қарастырылады. Сонымен бірге, оның қоғамдық сананы қалыптастырушы қызметі де бар. Әдеби процесті, жекелеген қаламгерлердің шығармашылық зертханасы мен көркем шығарманы қабылдау мәселелерін осы тұрғыдан алып қарастыру үрдісі ғылымда социологиялық парадигма методологиясының қалыптасуына негіз болды. Шығарманы әлеуметтік тұрғыдан алып талдайтын әдебиеттану ғылымында бірнеше ғылыми мектептердің болғаны белгілі. Бұл мәселені сөз еткен кезде XIX ғасырда өмір сүрген Ипполит Тэннің көзқарастары туралы айтпай кетуге болмайды. Ол әдебиеттің табиғатын түсіну үшін оны тарихи-мәдени әдіс негізінде талдау керек деген пікірді алға тартты. Әдеби мәтінді нақты тарихи көзқарас тұрғысынан талдауды ұсынған И. Тэннің тұжырымдарында нәсіл, орта, сәт ұғымдары басты орында тұрады. Нәсіл дегеніміз – ұлттық мінез бен ұлттық діл, орта – географиялық-әлеуметтік орта, ал сәт тарихи деңгейін білдіретін термин. Тарихи-мәдени мектепте автордың ұлттық психологиясы мен ол өмір сүрген физикалық-географиялық аймақтың өзіне тән ерекшеліктеріне айрықша назар аударылды. Сонымен бірге, біз бұған дейінгі дәрісімізде арнайы сөз еткен маркстілдік теорияны алға тартқан ғалымдар да шығарманы әлеуметтік методология аясында зерделеді. Маркстілді ғалымдардың тұжырымдарымен белгілі бір деңгейде таныс болғандықтан, оларға арнайы тоқталу қажет емес деп ойлаймыз. Ал енді аталған методологияның аясында шығарманы талдауды ұсынған және өмір сүріп отырған тарихи-саяси, әлеуметтік-экономикалық жүйеге ашық сын айтып, шығарманы теориялық тұрғыдан түсінудің өзгеше жолын ұсынғандардың бірі ретінде біз сыни теорияның өкілдерін айтар едік. Өткен ғасырдың отызыншы жылдарында ғылымның сахнасына шыққан аталмыш теория өкілдерін кейде неомаркстілдер немесе «Франкфурт мектебі» деп те атайды. Әрине, бұл атау жайдан-жай беріле салмаған. Германияның Франкфурт қаласында пайда болып, кейіннен XX ғасырдың 50–70-ші жылдары аралығында тұтас Еуропа елдерінің руханиятында кеңінен таралған сыни теория бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып келеді деуге болады. Себебі сыни теорияны одан әрмен дамытып, қазіргі күндегі тұрмыстынысымыздың белгілі бір ерекшеліктері аясында талдайтын зерттеушілер Батыс елдерінде әлі де болса аз емес. Ал енді сыни теорияның айналасына шоғырланған Франкфурт мектебінің зерттеушілерін кейде неомаркстілдер деп айтуының сырын ашайық. Өйткені бұл бағыттың өкілдері марксизм теориясына арқа сүйей отырып, оны одан әрі түрлендіріп, дамытты. Кей тұсына мүлдем қарсы шығып, кей концепцияларын мақұлдады. Ең басты ерекшеліктерінің бірі ретінде олардың марксизм мен фрейдизмді ұштастыруға талпынғанын айтуға болады. Сол арқылы сыни теорияның өкілдері «жаңа солшылдар қозғалысының» күшеюіне сеп болды.

Франкфурт мектебінің басында тұрған көптеген авторлар II Дүниежүзілік соғысқа дейін өмір сүрді. Дегенмен соғыс жылдарында олардың біразы Америкаға қоныс аударылып, кейіннен Еуропаға қайта оралды. Сыни теорияның дамытушылары қатарында Герберт Маркузе, Макс Хоркхаймер, Эрнст Блох, Теодор Адорно, Вальтер Беньямин, Эрих Фромм және Юрген Хабермас сынды көрнекті ғалымдар болды. Осылардың ішінде, әсіресе, үш ғалым – М. Хоркхаймер, Т. Адорно және Г. Маркузелердің есімдері сыни теория ұғымымен тікелей қатысты ауызға алынады. Олардың зерттеу еңбектерінің мазмұны әртүрлі бағытта болғанымен, бәрінің басын бір арнада түйістіріп тұратын нәрсе әдебиет пен мәдениеттің саяси қырына қызығушылық танытуы еді. Олар азшылық топтардың басым бөлігін экономикалық пайда мен әлеуметтік күшке ие болуы үшін бақылауда ұстайтын «буржуазиялық» капиталистік әлемді көре алды. Франкфурт мектебінің ғалымдары мұндай ескілік пен теңсіздікке негізделген әлем қалайша мәдениеттің өмір сүруіне сеп бола алады? Сонымен бірге мәдениет адамдарды ауыр жұмыс



пен капитализмнің ескілігінен құтқару үшін қандай рөл ойнай алады, деген сұрақтарға татымды жауап бере алды.

Хоркхаймер мен Адорноның II Дүниежүзілік соғыс тұсында Германиядан қоныс аударып, Америкада өмір сүріп жатқан кезде жазылған «Ағарту диалектикасы» деп аталатын әйгілі кітабына сәйкес, кеңінен таралған мәдениет өзінің тұтынушыларының сезімін тақырыптық стереотиптер мен формалық қайталаулар арқылы өшіреді. Адамдар айналасындағы капитализмнің жамандықтарынан сақтандырылып, сыныптардың иерархиясында өздеріне тиесілі орынды иемденуді үйренеді. Екінші жағынан, өнердің антетикалық шығармалары капиталистік мәдениетке жеңіл әрі тиімді түсінуге жол ашуын талап етеді. Өнер мен қоршаған әлем туралы сыни тұрғыда ойлау арқылы олар көркем материалдарды оның әдеттегі формасынан бөліп алып қарастырады. Ол кино жанрлары секілді жан сарайыңды ашуға кепілдік беретін кеңінен таралған мәдениеттің формаларында кезіге бермеуі мүмкін, бірақ ақыл-ойдың сыни қабілетін қанағаттандыра алатын ағартушылық функцияны атқарады.

Жалпы, сыни теория дегеннің өзі белгілі бір ғылым саласына ғана тиесілі термин емес, яғни белгілі бір теориялық шеңберге сыя қоймайды. Мұндағы басты ерекшеліктің бірі сол, бірнеше дискурстың өзара үйлесім табуынан туған зерттеу пәні деуге болады. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдарға сүйене отырып мәдениет пен қоғам туралы түсініктерді қайта сарапқа салатын тәсілдер мен ағымдардың, дискурстардың тұтасқан қатары. Сыни теорияның өкілдері сонымен бірге бірнеше ғылыми салалардың жетістіктеріне сүйене отырып тұжырым жасауды артық көреді. Бұл, бір жағынан, қазіргі пәнаралық зерттеулердің үстемдік еткен үрдісімен тікелей байланысты. Сондай-ақ, оның практикалық-саяси сипаты басым болды. Сыни теория көп жағдайда мәдениетке қатысты зерттеулермен тікелей байланысты алып қарастырылады. Өйткені қоғам мен мәдениет мәселелері сыни теорияның нысанасына ілігетін басты ұғымдар болып саналады. Оған сай, мәдени феномендер билік пен бағыныштылық, гендерлік, таптық және нәсілдік және басқа да аспектілердің өзара қатынасы аясында қарастырылады. Қазіргі қоғамды бұрынғы уақытпен салыстыруға келмейді. Бүгін біз біршама технократтық үлгіге ауысқан қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Сонымен бірге, бұқаралық ақпарат құралдарының ерекше билік еткен кезеңі де осы кез. Өйткені БАҚ алып саяси-қаржылық алпауыттардың мүддесіне сай кейде шын, кейде жалған ақпарат таратып отырады. Қазіргі қоғамның басқа да басты үрдістерінің қатарында кең таралған мәдениет пен тұтынушылық мәдениетінің үстем болуын атауға болады. Сыни теорияның өкілдерінің айтуынша, Ағартушылық идеяларының қазіргі заманда дағдарысқа ұшырауы дегуманизацияланған технологиялық ақыл-ойдың жемісі. Аталған мектеп өкілдері пролетариаттың төңкерістік рөлін терістеп, терістеудің диалектикалық категориясын абсолюттеуге күш салды. Сонымен бірге, тоталитаризм мен авторитарлық тұлғаны сынға алды.

Жоғарыда тілге тиек еткеніміздей, сыни теорияның Батыс руханиятына кеңінен жайылуына ықпал еткен көрнекті ғалымдар ішінде Г. Маркузенің орны ерек. Өйткені, Гегель, Фрейд, Маркс, Ницше сынды философтардың тұжырымдарымен сусындаған Г. Маркузе жеке адамның бостандығына қатер төндіретін индустриалды қоғам мәдениетіне қарсы бағытталған «сыни теорияның» дүниеге келуіне көп үлес қосты. «Ол «бір өлшемді қоғам» және «бір өлшемді адам» ұғымдарын енгізді. Бір өлшемді қоғам дегеніміз – бұрынғы адамгершілік құндылықтарының бәрінен айырылған, басты құндылығы индустриалды даму болып табылатын тоталдық жүйе; бұл қоғам жүйенің өз ішіндегі қандай да бір еркіндікке шек қоя отырып, «сыртқы еркіндік» үшін күреседі. Бірақ күрес қанша нақты жүргізілгенімен, адамға еркіндік берілмейді. Бір өлшемді қалып-күйден шығарылу үшін мәдени құндылықтардың өзгеруі және «ішкі еркіндікті» таба алу қажет. Бір өлшемді қоғам саяси және рухани теңгерімсіздік катерлі тенденциясын тудырды және бұған «бір өлшемді» адамның қалыптасуына кінәлі құқық пен бостандықтың мән-мағынасына деген парықсыздығымен ғылыми, оқу-ағарту, білім мүмкіндіктерін тудырды. Бір өлшемді қоғам, бір есептен, конструктивтіліктің жоқтығынан қалыптасты, ал бұл оппозицияның болмауына әкеп соқтырды. Бір өлшемді қоғамның қауіптілігі – ол ерекше «адам типін», ештеңе айта алмайтын және айтқысы келмейтін, мемлекеттік құрылымдарға толық тәуелді адамды тудырады. Жалпылық қоғамда сананы баспасөз, теледидар, радио, жарнама, сән және т.б. арқылы қалыптастыру әдістері қоғам мүшелерінің пікірлері мен қажеттіліктерін ғана емес, ішкі сезімдері мен ақылдан тыс реакцияларын да манипуляциялайды» [1; 52].



Осы үрдістің салдарынан рухани манипуляцияға түскен, қоғамға сыни тұрғыдан дұрыс қарай алмайтын және тұтынушылар қатарына жататын «бір өлшемді тұлға» қалыптасты. Бір өлшемді адамның мәселесі өте күрделі. Жалпы, Маркузе негізін салған осы термин әлі күнге дейін өз маңыздылығын жойған жоқ. Бір өлшемді адам өндіріс әбден дамыған қоғамда өмір сүреді. Бірақ ол сыни тұрғыдан қарау қабілетінен айырылған. Сондықтан да ол үлкен өзгерістерге қадам баса алмайды. Сыни тұрғыдан мәселені сараптап, прогрестік идеялар жолында басын бәйгеге тіге алмайды. Ол тек бір өлшеммен ғана – тұтынушы ретінде ғана өмір сүреді. Оның қызығушылықтарын қоғамның өзі айтып беріп отырады. Ал ол тұтынушы ретінде бір сарынды өмірге бой алдырады. Ондай адам өмірдің мәнін өз қажеттіліктерін қанағаттандыруымен, қызығушылығы мен құмарлығының тоят тауып, керекті заттарына қол жеткізумен өлшейді. Осылайша адам бойында тұтынушының психологиясы қалыптасады. Ал ол біртіндеп тұтас бір қоғамды бір өлшемді қоғамға айналдырып жібереді екен.

Қоғамда орын алып жататын әртүрлі құбылыстардың бәрі де сөз өнерінде өз ізін қалдырмай қоймайды. Саяси сипаты басым аталмыш теорияның өкілдері оның белгілерін әдеби шығармалардан да іздеді. Әдебиеттегі кейіпкерлердің болмысы, құндылықтар жүйесі, көзқарастары мен өмірлік ситуацияларға қарай шығарған шешімдеріне қарап-ақ жоғарыда айтылған «бір өлшемді адамның», осындай адамдардан құралған қауымның – «бір өлшемді қоғамның» келбетін тани аламыз. Сондықтан да, әдеби сында, жалпы әдебиеттану ғылымында сыни теорияның алар орны ерек. Кейде қоғамдық мәселелерде айқын аңғарыла қоймайтын детальдарды біз әдеби шығармалардан таба аламыз. Өйткені көркем шығармада кейіпкердің, қоғам мүшесінің жан дүниесі терең ақтарылып, оның бейнесі шынайы көрініс табады. Венгер ғалымы, әдебиеттанушы Георг Лукач тарихи материализм мен әдеби форма арасындағы байланысқа арқа сүйей отырып сыни теорияда айтулы тұжырымдар жасады. Ол, әсіресе, реализм мен тарихи романдарға көбірек жүгінді. Ал Вальтер Бенджамин болса эстетика мен өнер туындыларының табиғатын зерттеу барысында жаңаша ой-тұжырымдар айтып, сыни теорияның дамуына көп үлес қосты. Сыни теорияда әдебиет пен мәтін тұтастай автордың ықылас-ниетінің перспективасы тұрғысынан қарастырылмайды. Онда мәтіннің риторикалық, идеологиялық, эстетикалық құрылымы мен ол тиесілі болған мәдениеттің көрініс табу ерекшеліктері арнайы зерттеу нысанына алынады, яғни шығармадағы адам психологиясы, оның мәдени келбеті, шығармада суреттелген қоғамның рухани-аксиологиялық бет-бейнесі аталған теория өкілдерінің ең бірінші назарда ұстайтын мәселелері болып саналады. Бүгінгі жаны жұтаңдап, этикалық құндылықтардың қазығынан алшақтап кеткен адам мәселесі қазіргі нарықтық жүйенің салдарынан туған мәселелер арқылы жан-жақты ашылады. Сыни теория Еуропаның жоғарғы мәдени мұрасы мен капитализм қоғамы үстемдік пен биліктің құралы ретінде шығарған массалық мәдениет арасындағы айырмашылықты терең талдау үшін де қажет, яғни капиталистік елдердегі үстемдік етіп отырған мәдениетті сын тезіне алуы сыни теория өкілдерінің басты ерекшеліктерінің бірі болды. Олардың еңбектері арқылы қазіргі капиталистік әлемнің экономикалық жүйесінің барынша ойын-сауыққа құрылғанын, ал әдеби-мәдени шығармашылық пен рухани өнімдердің бәрі дерлік осы жүйенің талабына сай жарыққа шығатынын ұғыну қиын емес.

Тұтыну мәдениетіне белшесінен батып, өмірдің мәнін тек қажеттіліктерінің өтелуімен ғана өлшейтін қазіргі адамның құндылықтары, ұстанымдары мен көзқарастар жүйесі сыни теория аясында барынша шынайы әрі нанымды ашылады. Өйткені әдебиеттің қоғамның айнасы екенін де ұмытпауымыз керек. Жазушылар көп жағдайда өзі өмір сүріп отырған қоғамның бет-бейнесін өз туындыларында барынша ашып көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, әдебиеттегі кейіпкерлердің жүйесін өзгерді деуге болады. Кейіпкер мәселесі қай дәуірде де әдебиеттану ғылымы үшін аса маңызды мәселелер санатына жатады. Осы орайда, салыстырмалы-тарихи әдіс аясында бұл мәселені жан-жақты зерделеу ісі өзекті болып отыр.

Жалпы, сыни теория дегенімізді өзі философиядан бастау алса да, әдебиет туралы ғылымға белгілі бір деңгейде әсер еткеніне көз жеткіздік. Бір жағынан, шындықты әлеуметтік методологиялар арқылы табуға тырысатын мектеп өкілдерінің тұжырымдарында, расында да, ақылға сыйымды, ойға қонымды пікірлердің аз емес екенін көруге болады. Біз бұған дейін кейбір теориялық тақырыптарды түсіну үшін философия мен психология ғылымдарының негіздеріне жүгінген едік. Бүгінгі дәрісіміз әдебиеттің әлеуметтану, саясаттану ғылымдарымен



де тығыз қатынаста екенінің дәлелі бола алады. Сондықтан да сыни теорияның мәнін терең түсініп, табиғатын ашу үшін бізге саясаттың кейбір мәселелерін де ұғынып алу артықтық етпейді. Алдағы дәрісімізде біз тарихи сынның өзіндік ерекшеліктері туралы арнайы сөз қозғайтын боламыз.

### Тақырыпты пысықтау үшін қойылатын сұрақтар

1. Сыни теорияның өкілдері өзіне дейінгі қай теорияларға арқа сүйеді?
2. Сыни теорияның ең басты тұжырымдары туралы баяндап беріңіз.
3. Маркузенің «бір өлшемді адам» және «бір өлшемді қоғам» деген ұғымдарын қалай түсінесіз?

### Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

1. Исмағамбетова З.Н. XX ғасырдағы Батыс мәдениеті философиясы: оқу құралы / З.Н.Исмағамбетова. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 132 б.
2. Штейгервальд, Роберт. «Третий путь» Герберта Маркузе / Штейгервальд, Роберт; Пер. с нем. А.Д. Попова, В.М.Родина; Под ред. и с предисл. [З-18 б. Я.Н.Фогелера]. – М.: Междунар. отношения, 1971. – 340 б.
3. Адорно, Теодор В. Негативная диалектика / Адорно, Теодор В; Пер с нем. Е.Л. Петренко. – М.: Академ. Проект, 2011. – 538 б.